

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Орталық
мұрағатынан шығатын архивтік анықтамаларға және архивтік
құжаттардың көшірмелеріне апостиль қою**

Мемлекеттік орган	ҚР Қорғаныс министрлігі
Қызметті алушылар	жеке және заңды тұлғалар
Қызмет көрсету орны	"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕ АҚ
Қызметті көрсету мерзімдері	15 (он бес) жұмыс күні Құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік көрсетілетін қызметтің мерзіміне кірмейді.
Қызмет құны	0,5 АЕК
Құжаттар тізбесі	1) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Орталық архивінен шығатын архивтік анықтамаларға және архивтік құжаттардың көшірмелеріне апостиль қоюға өтініш; 2) азаматтың жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін) не көрсетілетін қызметті алушының мүдделерін үшінші адам білдірген кезде нотариат куәландырған сенімхат (жеке басын сәйкестендіру үшін ұсынылады); 3) апостиль қою үшін мемлекеттік баждың төленгені туралы түбіртек; 4) апостиль мөртаңбасы қойылуы қажет Архив берген архивтік анықтама және (немесе) архивтік құжаттардың көшірмелері.
Қызмет көрсету нәтижесі	Апостиль қойылған архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелері не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру жеке басын куәландыратын құжатты (не нотариат растаған сенімхат бойынша оның өкілінің) көрсеткен кезде жүзеге асырылады. Мемлекеттік корпорация нәтижені бір ай ішінде сақтауды қамтамасыз етеді, одан кейін одан әрі сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге береді. Көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткеннен кейін өтініш жасаған кезде Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жолдайды.

**Мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандарты**

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020989>